

References:

1. Volkov A.A. Īazyk i myslenie: Mirovaia zagadka. –M., 2007. – 240 s
2. Krasnyh V.V. Kody i etalony kŭltury (priglaŝenie k razgovoru) // Īazyk, soznanie, komunikasia. – M., 2001.
3. Uāli N. Qazaq sŏz mādenietinī teorialyq negizderi: filol.ġyl. dok. ... dis. – Almaty, 2007. – 321 b.
4. Bykova Ī.O. Obraznaia sostavlāiuŝaia kak relevantnyi priznak etnokonnnotata//Vestnik VGU. Seria «Lingvistika mejkŭlturnaia komunikasia». – 2005. – №1.– S. 253-255.
5. Lotman Īu.M. Semiosfera. –SPb.:M., 2000. – 704 s.
6. Alefirenko N. F. Poeticheskaia energia slova. Sinergetika iazyka, soznania i kŭltury.– M.: Academia, 2002.
7. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
8. Myñbaeva A. Mādeni-tĭldik qŭzyrettĭlik – jaña paradigmalar toġysy//«Profesor Q.Q.Jŭbanov jāne qazırġı tĭl bĭlimi, ādebiettanu jāne ādisteme salasındaġy ġylymi-ādısnamalyq zertteuler» atty Halyqaralyq ġylymi-praktikalyq konferensia materialdary. – Almaty, 2015. – B. 374-377.

МРНТИ 16.01.07

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.28>

Мынбаева А.П.,<sup>1</sup> Кудасбекова А.Б.,<sup>2</sup> Куанбаева Ж.С.<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup> Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Шымкент, Қазақстан

## МӘТІН АРҚЫЛЫ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МАЗМҰНЫ

### Аңдатпа

Мәтін теориясы соңғы жылдары өз шеңберінде зерттелу деңгейі жоғарылай түсті. Біз мәтін лингвистикасын қарастырды И.Р.Гальпериннен бастадық. Бір зерттеуші мәтіннің құрылымдық жағын қарастырса, бір мектеп мазмұны жағынан қарастырды. Мәтін теориясы – күрделі теория. Мәтін лингвистикасы – тіл білімінің күрделі саласы. Қазіргі таңда ғалымдар мәтін теориясын әрқырынан қарастырып жүр.

Мәтін – «текст» деген латын сөзінен алынған, қазақша мағынасы – байланысу, бірігу. Сондықтан мәтін тілдік таңбадардың мағыналық және тұлғалық байланыс негізінде түзіледі.

Мәтін теориясын қарастыру үшін адамның білімі мен біліктілігі қажет. Бұл мәтін теориясы арқылы филолог-мамандардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы бұл ретте ерекше. Себебі, филолог-маман жоғарыдан кейінгі білім беруде оқу үдерісінде зерттеу жұмысына көп көңіл бөлінеді. Мақалада мәтін арқылы зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастырудың маңызы туралы айтылды. Бірақ бұл жұмыс жалғасын табады.

**Түйін сөздер:** мәтін, лингвистика, филолог, зерттеушілік құзыреттілік, құрылым, мәтін теориясы

Myñbayeva A.,<sup>1</sup> Kudasbekova A.,<sup>2</sup> Kuanbayeva Zh.<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup> South Kazakhstan State Pedagogical University,  
Shymkent, Kazakhstan

## GOALS AND CONTENT OF FORMING RESEARCH COMPETENCE BASED ON TEXT

### Abstract

In recent years, the level of research in the field of text theory has grown. We began the study of the linguistics of the text with I. R. Halperin. One researcher looked at the structure of the text, and another school looked at the content. Text theory is a complex theory. Textual linguistics is a complex field of linguistics. Today, scientists are increasingly studying the theory of text.

The text comes from the Latin word "text", the Kazakh meaning means "to connect, unite." Therefore, the text is formed on the basis of the semantic and personal connection of language symbols.

Learning text theory requires knowledge and skills. The importance of forming the research competence of philologists through the theory of this text is of particular importance. This is due to the fact that philologists pay more attention to research in the educational process in post-graduate education. The article discusses the importance of text-based research competence. But there will be a continuation of this work.

**Keywords:** text, linguistics, philologist, research competence, structure, text theory

## ЦЕЛИ И СОДЕРЖАНИЕ ФОРМИРОВАНИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ НА ОСНОВЕ ТЕКСТА

### Аннотация

В последние годы вырос уровень исследований в области теории текста. Мы начали изучение лингвистики текста с И. Р. Гальперина. Если один исследователь рассматривает текст с точки зрения его структуры, другая школа изучает его содержательную часть. Теория текста – сложная теория. Текстовая лингвистика – сложная область лингвистики. Сегодня ученые подходят к изучению теории текста с разных ракурсов.

Текст происходит от латинского слова «текст», казахское значение означает «соединять, объединять». Поэтому текст формируется на основе семантической и личностной связи языковых символов.

Для изучения теории текста требуются знания и навыки. Важность формирования исследовательской компетентности филологов посредством теории текста является особой. Это связано с тем, что филологи уделяют больше внимание исследованиям в образовательном процессе в послевузовском образовании. В статье рассматривается важность формирования исследовательской компетентности на основе текста. Продолжение этой работы следует.

**Ключевые слова:** текст, лингвистика, филолог, исследовательский компетентность, структура, теория текста

**Кіріспе.** И.Р.Гальперин мәтінге: «Текст» - произведение речетворческого процесса, обладающее завершенностью, объективированные в виде письменного документа, литературно обработанное в соответствии с типом этого документа, произведение, состоящие из название и ряда особых единиц (сверхпрозовых, единств, объединенных разными типами лексической, грамматической, логической, стилической связи, имеющее определенную целенаправленность и прагматическую установку) деген анықтама береді [1, 138].

Г.В.Колшанскийдің пікірінше, мәтін – бұл аяқталу мүмкін қарым – қатынас үзіндісі – хабарлау немесе адамдардың бір-бірімен пікір алмасу ретіндегі кем дегенде екі сөйлемнен тұратын байланыс [2]. Ал Н.Д.Зарубина: «Мәтін – бұл сөйлеушінің біреуіне қатысты аяқталған және дұрыс құрастырылған сөйлеу шығармашылығының жазбаша түрі» - деп тұжырымдайды [3, 139].

Мәтін көлемге, құрылымына, себебіне, байланыс жолдарына қатысты да анықталады. Мәселен, Р.В.Шмидт: «Мәтін сөзінің астарында коммуникативтік мақсатты жүзеге асыру үшін белгіленген жоспар бойынша небір жағдайдың жүзеге асырылуын қабылдайтын аяқталған мазмұнды бірлікті анықтайтын жазбаша немесе ауызша сөйлеу үзіндісі» - деп көрсетеді.

Тұжырымдағанда, негізінде мәтін қатысымдық сипатта, яғни сөйлеу нәтижесі ретінде қарастырылады. Мысалы, Т.М.Әбдікәрімова коммуникативті мақсаттағы мәтінді былайша жіктейді:

- жалпы қабылдаған мағынадағы қоғамдық үкім;
- коммуникативтік қызмет, яғни мәтіннің белгілі бір коммуникативтік қызметі орындау қажеттілігі;
- семантикалығы, яғни мәтіннің семантикалық жағынан біртұтас болуы;
- жағдаят шарттылығы, немесе кез-келген мәтін, мәтін мазмұнындағы жағдаятты нақты анықтайды; интенсионалдылығы, яғни айтушы не жазушы қатысымды белгілі мақсаттылығы;
- грамматикалықлығы, грамматикалық норманың сақталуы.

Бұл пікірлерден мынандай мәселелер аңғаруға болады.

**Талқылау.** Мәтін сөйлеу тілі шығармашылығы ретінде, сөйлеу құралы және негізгі бірлігі ретінде қарастырылады. Содан кейін, барлық зерттеушілер үшін талассыз нәрсе, бұл – мәтінді туғызу және ойша өрбіту коммуникациялық құбылыс немесе қарым – қатынас мақсатының жетістігінің ғана орындалатындылығы. Жоғарыдағы талданған зерттеушілердің еңбектеріндегі пікірлердің ұқсас келетіні аңғарылады, мысалы, мәтін ауызша және жазбаша түрде жасалады, мәтін – бұл аяқталған шығарма және ең соңында, мәтін өзіндік ішкі құрылымнан және оның бөлімдерінің «шашырап кетуге» жол бермейтін байланыс құралдарының бар екені күмән туғызбайды.

Сөйлеу әрекетінің теориясы тұрғысынан алып қарағанда коммуникация тілдік емес тапсырманың пайда болуына арналып есептелінген, ынталандырылған және мақсатқа бағытталған іс – әрекет болып табылады (А.А.Леоктёв) және барлық іс – әрекеттің жалпы мақсаты құрылымына әрқайсысының мақсаты сәйкес келетін әрекеттердің қолданысына қарай коммуникативтік – сөйлеу әрекеті деп аталады (М.А.Хэлидей, И.Р.Гальперин).

Ғалымдардың бағыты біріншіден, мәтін - сөйлеу шығармашылығына әсер ететін іс – әрекеттің шынай шешбері және шын мәніндегі құрылымы ретіндегі нысанды уәжділік екенін (объективтік фактор) айтады, екінші уәжділік – мазмұн, жіберушінің (айтушы, жазушы) дайындық деңгейі және қабылдаушының хабарламас, қарым – қатынастың материалдық құралдары. Осы уәжділік (фактор) қабылдай отырып, сөйлеушінің аяқталған сөйлеу мазмұнына қатысты вакуумда болмайтынын, жеке адамдар барлық жоғарыда айтылған сыртқы лингвистикалық факторлардың әсерінен қалыптасатынын ерекше айту керек.

Сонымен, бұл уәжділік (фактор) сөйлеу шығармашылығына мәтінге әсері оның ішкі мазмұнын қалыптастыра отырып, мәтін жіберушінің (айтушы, жазушының) жеке өзі арқылы іске асады, ал ішкі мазмұн өз кезегінде коммуникативтік мақсат қоюды туғызады. Мәтіннің баяндаушының оған қатысты мәтінді қабылдаушының қарым-қатынас байланыс міндетін құрады және оның коммуникативтік тұрғымен өзара әрекеттестіген тұрады. Мәтінге тұтастық, типологиялық, стилистикалық ерекшеліктер, абзац немесе күрделі синтаксистік тұтастықтарға бөліну, сөйлемдер, лексика грамматикалық конструкциялар, мәтіншілік байланыстар, мәтіндегі сөйлемдердің тема-ремалық мүшеленуі сияқты қасиеттер тән.

Э.Д.Сүлейменованың, барлық тіл бірліктері тек сөйлеу үдерісіне қатысушылардың қабылдауына лайық мазмұнды бере алатын бірліктердің ішіне ғана өзінің коммуникативтік мүмкіндігін жүзеге асыра алады. Мұндай ұғымдық мазмұн құбылыстардың, оқиға, жағдайлардың, олардың өтеу барыстарының нақты байланыстарын көрсетуі тиіс. Осындай күрделі қызметті атқаратын бірлік – мәтін болып табылады дей келе: Э.Д.Сүлейменова: «Тексттің кумулятивтік табиғатында осы тұрғыдан тану керек, өйткені мәтінде коммуникативтік мақсаттарға сәйкес жинақталған әлеуметтік индивидуалдық тәжірибесі танылады», - деген пікір айтады. Сондай – ақ ол: «Текст – это именно та единица языка, в которой фиксируется познания действительности и информация, которой обмениваются члены общества», - деп көрсетеді [4, 56].

**Әдістеме.** Мәтінді зерттеу; тілді әлемдік ауқымдауы кең құбылыс ретінде түсіну үшін, қарым - қатынас жасаудың бірден - бір тұтас құралы ретінде ұғыну үшін, тілдің адамзат қызметінің әртүрлі жақтармен байланысын терең білу үшін қажет болады. Мәтіннің көмегімен тілдің өмір сүруін, оның заңдылықтарын тануға болады. Өйткені бұлар тілдік тұлғалар, одан да ірдың тек сөйлемде ғана емес одан да ірі бөлшектердің құрамында қызмет етуін зерттегенде ғана ашылатын еді. Мәтін лингвистикасының қалыптасуы тілдік ілімдерден (лексикология, семасиология, морфология, синтаксис, стилистика) ұдайы байланыста болса, жалпы филологиялық (текстология, поэтика) тіпті филологиялық емес ілімдермен де (философия, психология, логика, эстетика) сондай байланысты.

Қазіргі кезде мәтін лингвистикасында мынадай зерттеу бағыттарын көрсетуге болады:

1. Мәтінді тіл жүйесіндегі өзіндік белгі, сапалары бар ең жоғарғы тұлға – бірлік (жүйе) ретінде қарастыру;
2. Мәтіннің түрлерін ажыратып, мәтіпологиясының жасалуы;
3. Мәтін құрушы тұлға – бірліктерді және олардың қызмет ету ерекшеліктерін көрсету;
4. Мәтінге тән категорияларды анықтау;
5. Мәтін құраушы байланыстар мен қарым – қатынастардың ерекшеліктерін ашу.

Тілдік жүйедегі мәтін – қатысымдық бірлік.

Мәтіннің сыртқы және ішкі формаларын тану арқылы лингвистикада тіл жүйесі туралы, тілдік құрылымы мен тіл бірліктерінің функционалдық ерекшеліктері туралы білім жүйесі қалыптасды. Фонемадан бастап, құрмалас сөйлемге дейінгі аралықтағы тіл бірліктерінің қызметінің айқын танытатын мәтін – өзі де тіл бірлігі болып табылады.

Мәтін – тіл жүйесіндегі өзінің мәні мен болмысына сай сөйлемдердің жәй ғана тізбегі емес, мағыналық – құрылымдық күрделі тұлға. Ол – логикалық, грамматикалық, мағыналық байланыстарға негізделген, тиянақты мазмұнға ие біртұтас қарым – қатынас бірлігі. Сондықтан мәтіннің құрылымына оның түрлі қыртыс қабаттарына түзіліп, мәнді де сипатты ерекшеліктерін ашу, белгілі кеңестік пен уақыт шеңберінде өмір сүру заңдылықтарын айқындау, сөйтіп мәтіннің ішкі бірлігінің сыр-сипатын т.степ түгендеу тіл білімінің басты міндеті.

Мәтін лингвистикасы мен мәтін теориясы тығыз байланысты. Екеуі де бір объектіні қарастырады. Мәтін теориясы мәтінді құрылымдық және қызметтік жақтарын қарайды. Құрылымдық тұрғыдан зерттегенде мәтін негізгі салаларға көңіл бөледі. Байланыстылығы – бұл мәтіннің дұрыс құрылуы, дұрыс құрылмауы деген мәселелермен ұштасады. Мұнда элементтері неден тұрады және олардың арасындағы байланыстың сипаты қандай? Оны нелер құрайды? деген сұраққа жауап алынады.

Мәтіннің түзілуінің жалпы да ортақ ұстанымдары, олардың мәтін мазмұнының жанрлық т.б. ерекшеліктеріне байланысты болатыны анықталады.

Мәтіннің табиғатын тану арқылы лингвистикада тіл жүйесі туралы, тілдік құрылым мен тіл бірліктерінің функционалдық ерекшеліктері туралы білім жүйесі қалыптасады. Фонемадан бастап құрмалас сөйлемге дейінгі аралықтағы тіл бірліктерінің қызметін айқын танытатын мәтін – өзі де тіл бірлігі болып есептеледі.

Мәтін адамдарының тілдік қарым - қатынасының желісі болғандықтан, мәтіннің қатысымдық аспектісі соңғы жылдары көп қарастырылып жүр. Қатысымдық теорияға сүйене отырып, мәтін теориясы әлеуметтік лингвистика, психология, информация теориясы мен бұқаралы қатысымдық теориясымен тығыз байланыс жасайды.

А.Н.Новиков мәтіннің семантикасы мен формальдық көрінісіне кешенді талдаулар жасай кел: «Мәтіннің мазмұны түсініп қабылдаудың тікелей нәтижесімен бейнелеудің денотаттық деңгейіне сәйкес келеді» деген тұжырым жасайды. [5]. Сондай – ақ А.Н.Новиков: «Мыслительное содержание, выступающее как бы в роле значение текстов, нигде предворительно не зафиксировано. Оно возникает каждый раз при восприятии текста как результат его понимания. Главное же заключается в том, что такое значение текста, образуясь посредством значений языковых единиц, составляющих текст, не сводится к сумме, значений этих единиц. Здесь происходит качественный переход. Поэтому такой результат понимания не является значением в том смысле в каком понимается это слово применительно к языковому знаку», - деп көрсетеді. [5, 5-6-6.]

Э.Д. Сүлейменованың пікірінше мәтін – мағыналық (мәндік) жағынан тым қозғалмалы бірлік болып табылады. Бұл қозғалмалықтың мәнісі мәтіннің түрлі факторларме детерминденгендігімен байланысты. Қатысымдық бағытқа өріле байланысқан сол факторлардың табиғаты ерекше [4].

Ал енді осы мәтін арқылы филолог-мамандардың зерттеушілік құзыреттілігін дамытуды қарастырсақ, қазіргі таңда қандай маңызы бар соны айқындаймыз.

Біз қарастыратын мәселе өзіміздің зерттеуімізді басқа қырынан қараймыз. Себебі магистранттардың зерттеушілік қабілетін дамыту жаңалық емес. Өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі ұйымдастыруға бағдар жасай отырып, өндірістің тиісті салаларына тез бағыт бере алатын адамдар үшін қазіргі қоғамның қажеттілігі ғылымды оқу үрдісімен біріктіру бағытында білім беру процесіне деген көзқарасты өзгертуде. Л.Ф. Авдеева, Г.Н. Александрова, А.Н. Алексеева, В.И.Грошев, В.Е. Евлютина, В.И. Загвязинский, С. И. Зиновьев, Н.В. Кузьмина, В. С. Кузнецова, И.Я. Макарова, Е. С. Спицина, Г.М.Храмова және басқалар. Ғалымдар мен қалыптасқан дәстүр бойынша біз университеттегі студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының екі түрін ажыратамыз: - студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары, оқу бағдарламасының бөлігі ретінде оқу процесіне енгізілген (бұл жағдайда оны оқу-зерттеу қызметі деп атауға әдетке айналған); - білім беру үдерісінен тыс студенттердің ғылыми-зерттеу қызметі (бұл қызмет түрі әдетте зерттеу деп аталады). Университеттегі студенттердің ғылыми жұмыстарының арасындағы осындай айқын айырмашылық бізге маңызды болып көрінеді. Неге біз солай ойлаймыз? Біріншіден, өйткені мұндай ерекшелік осы қызмет түрлерінің әртүрлі түпкі мақсаттарын дәлірек көрсетуге мүмкіндік береді. Оқу үдерісінен тыс жүргізілетін ғылыми-зерттеу қызметі университет студенті оқу кезеңінде айналысатын қызмет түрлерінің біріне жатады: академиялық (бұл барлық университеттік студенттерді қамтитын қызметтің негізгі түрі), ғылыми, әлеуметтік, спорттық және шығармашылық [6]. Бұл жағдайда іс-әрекетті таңдау оқушының жеке қызығушылығы мен қабілетіне байланысты болады. Осы іс-шаралардың әрқайсысы белгілі бір нәтиже алуға бағытталған. Зерттеудің мақсаты жаңа ғылыми білім алу, объективті түрде жаңа нәтиже алу. Қызметтің бұл түрі университеттің жекелеген студенттеріне ғана қол жетімді, өйткені университетте оқу кезінде ғылым үшін шынымен жаңа білім алу өте сирек кездеседі.

**Қорытынды.** Ал мәтін арқылы магистранттардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы бар. Себебі оқудың бұл үдерісінде тек ғылыми зерттеушілікпен айналысу – магистранттардың міндеті болып табылады. Бұл мағынада, әдетте, ғылым таңдаушылардың тағдыры деп айтылады. Білім беру зерттеулерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Оның басты мақсаты - жаңа ғылыми білім алу емес, ең алдымен магистранттың жеке басын дамыту. Оқу-зерттеу қызметі - бұл білім беру нәтижесі болып табылатын іс-әрекет (ғылыми емес, яғни жаңалық емес), студенттерге білім алуға зерттеу әдістері мен әдістерін үйретуге, олардың ойлау түрін зерттеу қабілетін дамытуға, белсенділікке бағытталған.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. И.Р.Гальперин. Текст как объект лингвистического исследования. М., 1981
2. Г.В. Колшанский. Объективная картина мира в познании и языке. М., 1990., 107 с.
3. Н.Д. Зарубина. Текст: лингвистический и методический аспекты / Н.Д. Зарубина. - М.: Рус. яз., 1981 - 113 с.
4. Сулейменова Э.Д. Понятие смысла в современной лингвистике – Алматы: Мектеп, 1989.
5. Л.А.Новиков. Художественный текст и его анализ. М., 2003.
6. Алексанова Г. Т., Алексанова С. А. Білім берудің жаңа стандарттарына көшу жағдайында университет студенттерінің ғылыми-зерттеу құзіреттілігін қалыптастыру // «Концепция» ғылыми-әдістемелік электронды журнал. - 2016. - № S3. - S. 1–5. - URL: <http://e-koncept.ru/2016/76028.htm>.

*References:*

1. I.R.Gälperin. Teks kak obekt lingvisticheskogo issledovania. M., 1981 2.
2. G.V. Kolşanski. Obektivnaia kartina mira v poznanii i iazyke. M., 1990., 107 s. .
3. N.D. Zarubina. Teks: lingvisticheski i metodicheski aspekty / N.D. Zarubina. - M.: Rus. iaz., 1981 - 113 s. .
4. Suleimenova E.D. Ponätie smysla v sovremennoi lingvistike – Almaty: Mektep, 1989. .
5. L.A.Novikov. Hudojestvennyi teks i ego analiz. M., 2003.
6. Aleksanova G. T., Aleksanova S. A. Bilim berudiñ jaña standartтарына көшу жағдайында университет студенттерінің ғылыми-зерттеу құзіреттілігін қалыптастыру // «Концепсия» ғылыми-әдістемелік электронды журнал. - 2016. - № S3. - S. 1–5. - URL: <http://e-koncept.ru/2016/76028.htm>.